

Жаңа ауыл ауыл округі Ынтымақ ауылының Әл-фараби көшесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы Жаңа ауыл ауыл округі әкімінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 21 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 5 мамырда № 3739 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы Жаңа ауыл ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 7 маусымдағы № 47 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданы Жаңа ауыл ауылдық округі әкімінің 07.06.2016 № 47 шешімімен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабының 2 тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Мақтарал аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 02-03/138 ұсынысы негізінде және жануарлардың жұқпалы ауруларының ошақтарын жою мақсатында **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Жаңа ауыл ауыл округі Ынтымақ ауылының Әл-фараби көшесінің тұрғыны Ә.Парменқұловтың итінің құтырық ауруымен ауруына байланысты Әл-фараби көшесінде шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын ауыл округі әкімінің орынбасары К.Жумашевке жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Жаңа ауыл
ауыл округі әкімі:*

А.Пошаев